

БАЛАЛАРҒА КІТАП ОҚУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?



«Academic Associates Prince George and the World», «Pearson»
және «Reading is Phonics» мәліметтері негізінде жасалған

ТЕГІН таратылады

Құрық, 2016



Кітап оқу баланың дамуына қалай әсер етеді?

Баланы кітап оқуға баулудың артықшылықтары өте көп, әрі кітап оқу баланың жарқын болашағының кілті бола алады. Оқу – үздіксіз білім алудың, жетілудің, үйренудің негізі. Оқу – адамның негізгі дағдыларының бірі. Бала көп оқуға машықтанса, зияткерлік дамуы қарқынды жүреді, сондықтан өмірде жетістікке жету үшін оқу, оқыған мәтінді түсіну, оны сараптау, ой елегінен өткізу дағдыларын үнемі жетілдіріп отыру керек.

«Балаларға кітап оқу не үшін қажет?» – деген сұрақ туындаған ата-аналарға осы кітапшаны ұсынамыз. Кітапты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.

БАЛАНЫ КІТАП ОҚУҒА БАУЛУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ НЕДЕ?

НЕВРОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН НЕГІЗДЕМЕСІ

Кітап оқу баланың миын жетілдіреді. Алты жасына дейін баланың үйрену, ақпарат қабылдау қабілеті басқа жасқа қарағанда әлдеқайда қарқынды жүреді. Баланы ерте жастан дамыту оның зияткерлік қабілеттерін қалыптастырып қана қоймай, оқуға, үйренуге деген ынтасын да қалыптастырады. Енді бала үйренуге деген құлшынысын жиі танытатын болады. Баланың өмір бойы кітап оқуды сүйі және білім алуға құлшынысын білдіруде ата-ананың рөлі орасан зор.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН НЕГІЗДЕМЕСІ

Кітап оқудың арқасында бала барлық пәндерден озат, үздік болады. Баланың танымдық және дамыту қызметі анықталады, ойлауға үйренеді, есте сақтау қабілеті жақсарады. Балалар кітаптар мен журналдардан, сайттардан, басқа да ақпарат көздерінен керекті ақпаратты жинақтап, сараптай білетін жас зерттеушілерге айналады. Қызықты жайт, ерте кітап оқи бастаған балалар ересек болғанда да көп оқиды, үйренуге, жаңа дағдыларды меңгеруге бейім келеді.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

Үйде ата-анасымен бірге кітап оқуды сүйетін бала еркін, өз-өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптасады. Кітап оқу баланың одан әрі жетілуіне, кемелденуіне, тәртіпті болуына, моральді сауаттылықтың қалыптасуына бастама болады. Кітап оқу баланың ой – өрісін кеңейтеді, қиялын, шығармашылығын дамытады.

ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕМЕСІ

Жасы кіші кезде де баланың әлеуметтік сана-сезімі болады. Кітап оқуды сүйетін балалар – өз құрдастарына қарағанда әлдеқайда жоғары дамыған, кемелденген балалар. Бұл өз кезегінде баланың өз құрдастары арасындағы әлеуметтік беделін көтереді, сенімділігін артты-

рады. Қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, оған қоса адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, шыншылдық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттер бала бойына кітап арқылы біртіндеп сіңеді.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН НЕГІЗДЕМЕСІ

Ерте жастан оқып үйренген, өз бетінше оқи алатын балалар жазуды да ерте үйренеді. Бала неғұрлым ерте оқи бастаса, соғұрлым сөйлеу қабілеті тез дамып, сөздік қоры жылдам кеңейеді. Неғұрлым ерте оқи бастаса, соғұрлым оқитын кітаптары да, білім көзі де, идеялар желісі де алуан түрлі болады. Сөздік қоры бай балалардың мектепте де, университетте де үздік болатыны белгілі жайт. Оқу дағдысы жақсы балалар өз ойын нақты жеткізе біледі, жазуға келгенде де сауатты болады. Сондай-ақ, ерте жастан оқи бастаған бала қоршаған ортада жазылған нәрселерді тез оқып, тани алады.

БАЛАНЫҢ ДАМУЫНА КІТАП ОҚУДЫҢ ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ:

- Оқу баланың сөздік қорын байытады.
- Күнделікті оқу баланы тез оқуға және оқығанын түсінуге жаттықтырады.
- Оқи алмайтын нәрсесін бала түсіне алмайды.
- Баланы кішкентай күнінен кітап оқуға баулу оның болашақ академиялық көрсеткіштеріне, өмірдегі жетістіктеріне әсер етеді.
- Неғұрлым көп оқысаңыз, соғұрлым оқу сауаттылығыңыз жоғары болады. Бұны ешкім теріске шығара алмайды. «Мэтью әсері» атымен танымал бұл үрдістің мәні – бала неғұрлым ерте оқи бастаса, болашақта баланың алғашқы жетістіктері мен жеңістерін соғұрлым ерте көруге болады. Сондай-ақ, неғұрлым кеш оқи бастаса, соғұрлым мәтінді түсіну, бір нәрсеге ойын шоғырландыру, жұмысын тыңғылықты атқаруда да кемшіліктер орын алатын болады.
- Баланы кішкентай кезінен кітап оқуға баулу баланың тәуелсіз, өз-өзіне сенімді болып өсуіне септігін тигізеді.
- Бала оқу арқылы айналасын жаңаша танып-білуге мүмкіндік алады.
- Оқу балаға оны қоршаған айналасын дұрыс және оңай түсінуге көмектеседі.
- Оқу баланы қауіпті жағдайдан құтқара алады. Мысалы, бала «у», «тоқта», «кіруге болмайды», «қауіпті!», «қабаған ит, сақ болыңыз!» т.б. ескертуші белгілерді оқи алса, қауіп көзінен сақтана алады.
- Оқу баланың білімін толықтырады. Неғұрлым көп оқысаңыз, соғұрлым көп білесіз. Кітаптар мен әңгімелер баланың миын білімге толтырады.
- Кітап оқу баланың қиялын ұшқырлай түседі: қиял баланы бұрын өмірінде болмаған жерлерге жетелей алады.
- Кітап оқу баланың ой-өрісін кеңейтеді, жаңа ашылуларға, идеяларға итермелейді. Кітап арқылы бала жаңа жерлерді, жаңа дүниелерді таниды, жаңа оқиғалар туралы, жаңа ғылымдар мен адамдар туралы біледі. Осының бәрін кітап оқу арқылы білуге болады.

- Оқу – бұл уақыт өткізудің тиімді жолы, хоббидің бір түрі. Кітап оқу қызық. Ойланып көріңізші: балаңыздың кітап оқығаны жақсы ма, әлде теледидар алдында отырғаны жақсы ма?
- Оқу демалуға мүмкіндік береді.
- Оқу арқылы жазу дағдысы да дамиды. Дауыстап оқу жазу сауаттылығын арттырады, тілді жетілдіруге көмектеседі.
- Оқу ауызша сөйлеу мен коммуникативтік дағдыларды дамытады.
- Күнделікті кітап оқуға машықтанған бала байсалды, салмақты, сабырлы, шыдамды болып өседі.
- Оқу қиялдауға негіз болады.
- Балаларға дауыстап кітап оқу, баламен бірге кітап оқу ата-аналарға баламен көбірек уақыт өткізуге мүмкіндік береді.
- Кітаптағы оқиғалар әуесқойлық тудырады. Бала көбірек білуге талпынады, ізденімпаз болады.
- Кітаптар шабыттандырады, қиялдауға, жаңа ойларға жетелейді, ойландырып, толғандырады.
- Әртүрлі тақырыптар аясында кітаптар оқудың нәтижесінде бала ойын еркін жеткізетін болады.



ЕРЕСЕКТЕР МЕН БАЛАЛАРҒА КІТАП ОҚУДЫҢ ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ

- **Бүгінде заманауи қоғамда толыққанды өмір сүру үшін оқи білу қажетті.** Ересектердің көбі дәрілердің құтысының сыртындағы қолдану нұсқаулығын да оқи алмайды. Құжаттарды, бланктерді біреудің көмегінсіз толтыру да күннен күнге қиындап барады. Көп адамдар жол белгілері мен ескерту белгілерін оқуға қиналады. Кейде қолында карта бола тұрса да, қажетті жерге жету қиынға соғады.
- Оқу – күнделікті жайлы өмір сүру үшін қажетті дағды. Айлығы жақсы жұмысқа орналасу үшін, өзіңнің жұмысыңды тиімді атқару үшін оқи білу маңызды. Оқуға машықтанбаған адам жүктелген жұмысты істеуге әдеттегіден көп уақыт жұмсайды, себебі одан не талап етіп жатқанын түсіну үшін және оны орындау үшін ұзақ уақыт жұмсайды. **Егер мансапқа жетемін десең, оқи білу, оқығаныңды түсіне білудің маңызы зор екендігін түсіну қажет.**
- **Мидың дамуы үшін оқу қажет.** Ми – үнемі жаттығуды қажет ететін бұлшықет. Оқыған мәтінді түсіну – миды дамытуға арналған жаттығулардың бірі. Баланы кішкентай кезінен кітап оқуға баулу, кітапты құрметтеуге тәрбиелеу баланың тілін дамытса, ата-анасы дауыстап оқыған кезде баланың тыңдау қабілеті дамиды. Тыңдай білудің де өмірде маңызы зор. Тыңдау қабілетінің болмауы өмірде көптеген түсініспеушіліктер мен келеңсіз жағдайлар тудырады.
- Оқу арқылы біз жаңа дүниелермен танысамыз. Кітаптар, журналдар, интернет – барлығы жаңа ақпарат, білім алу құралдары болып табылады. Осының барлығын пайдалана алу үшін оқып, оқығаныңды түсіне білу қажет. Оқи алатын адам кез келген саланы меңгеріп, білімін шыңдай алады. **Бізді күнделікті қоршаған ақпараттың үлкен желісінен өзімізге қажеттісін ғана алып, игілігімізге қолдануымыз керек.**
- **Оқу қиялыңды шыңдай түседі.** Қиял – бұл әлемдегі басты қозғаушы күш, өмірімізді жақсарта түсетін жаңа ашылулардың бастамасы. Осындай ашылуларға теледидар мен компьютерді жатқызуға болады, бірақ олар демалыс, ойын-сауық құралдарына жатады. Демалуға, көңіл көтеруге арналған құралдар әдетте ойлануды қажет

етпейді. Ал кітап оқу кезінде бала қиялға беріліп әлемнің кез-келген жерінде бола алады, әлемнің, шынайылықтың шектерінен де асып кетуі мүмкін. «Қыран жетпеген жерге қиял жетеді» – дейді халық. Баланың қиялында шек болмайды, ол патша да, шытырман оқиғаларға тап болғыш жанкешті де бола алады. Қиялдың арқасында бала шексіз мүмкіндіктер иесіне айналады. Кітап оқымайтын адамдар, өкінішке орай, осы кереметтің бәрінен құр қалады.

- **Оқу адамның өзін-өзі бағалауына және беделіне тікелей әсер етеді.** Мүлдем оқымайтын немесе аз оқитын ересектер мен балалардың, әдетте, өздеріне берер бағалары төмен болады. Өз-өзіне сенімсіздік танытып, мүмкіншіліктерін төмен бағалайтын балалар өздерін оқшауланған сезінеді, мінез-құлықтарында да өзгерістер пайда болып, жекешеленеді. Олардың мектептегі оқу үлгерімі төмен болады, себебі олар оқи алмайды, оқығанын түсіну дағдысы дамымаған, жазу сауаттылығы да сәйкесінше төмен. Осының барлығы оның мектеп бағдарламасын меңгеруіне кедергі тудырады.
- **Көп оқуға машықтанған бала сауатты жазады.** Дауыстап оқу кезінде әріптер мен сөздер дауыстап айтылады, нәтижесінде дұрыс жазу дағдысы қалыптасады. Кітап оқу баланың сөздік қорын да байытады. Күнделікті оқу кезінде әртүрлі сөздер, жаңа сөздер әртүрлі мәнде қолданылып, есте сақталады. Нәтижесінде баланың сөздік қоры кеңейіп, ойын нақты жеткізе алатын болады.



- **«Тіл-қылыштан да өткір!» – деген мәтел бар.** Бала ақпаратты үздіксіз қабылдап отырады. Егер бала өзі оқып, өзі зерттейтін болса, үздіксіз ақпараттың ішінен жақсысынан ой түйіп, жаманынан сақтана алады. Тек оқи білсе ғана адам өзін-өзі қорғай алады, өзі үшін ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырата алатын болады... Адамның басты қаруы – сауаттылығы.
- **Оқу адамды тәуелсіз етеді.** Сауатсыз адамды басқару, өз еркінен тыс әрекеттерге итермелеу оңай. Сауатсыз адамның жеке ойы мен пікірі болмайды, сондықтан басқа адамның ықпалына түседі. Көп жағдайда сауатсыз адамдар естігенін ақиқат ретінде қабылдап, сезім жетегінде кетеді.
- **Оқу балаларға оң құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, жақсы мен жаманды ажыратуға көмектеседі.** Кітап арқылы балалар өмірде орын алуы мүмкін оқиғалармен танысады, әрбір жағдайдан шығудың дұрыс жолын түсініп, өмірге деген жеке көзқарасы мен қағидаларын қалыптастыруға мүмкіндік алады.
- Қорытындылай келе, кітап оқудың маңыздылығы неде деген сұраққа жауап берсек: **сөз, ауызша сөз, жазбаша сөз – өмірдің құраушы бөлшектері.** Сіз дәл қазір айтылған немесе естіген сөздердің ықпалында екеніңізді де аңғармайсыз, себебі кез келген ойыңыз, кез келген айтқан сөзіңіз сөздің нәтижесі. Баланың болашағы оның естіген сөздеріне байланысты. Болашақтың ғана бастауы емес, кез келген тұлғаның, отбасының, қатынастардың барлығы сөзден басталады. Ойланып көріңіз!



ФОНД ЕВРАЗИЯ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ